

Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың 2021 жылға ең төмен мөлшерін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2021 жылғы 19 тамыздағы № 7/5-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 тамызда № 24143 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабы 1-тармағына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшері бір шаршы метр үшін 2021 жылға 39,98 теңге сомасында бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шемонаиха аудандық
мәслихатының хатшысы*

М. Желдыбаев